

- 6.1. Кемені тіркеу туралы өтініш (N 1 Қосымша);
 - 6.2. Кеменің жүзуге жарамдылығы туралы Қазақстан Республикасының Теңіз және Өзен Регистрі құжаттарының көшірмесі;
 - 6.3. Нотариуспен куәланған, кеменің меншік құқығы расталған құжатының көшірмесі;
 - 6.4. Тіркеу құжаттары бланкілерін төлеу жөніндегі түбіртек;
 - 6.5. Көлік құралдары иелерінің салық төлеу жөніндегі түбіртегі;
- Кеме тіркеуге құжаттар берген кеме иесі оларда көрсетілген ақпардың дұрыстығына жауап береді.

7. Осы Ереженің 6 тармағында көрсетілген құжаттар негізінде кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігінің Бас инспекциясы кеме туралы хабарды Кеме реестріне (N 2 Қосымша) енгізеді, кемеге тіркелу нөмірін береді және кеме иесіне кеменің меншік құқығын растайтын және Қазақстан Республикасы жалауы астында кеменің жүзу құқығын куәлайтын Кеме куәлігін (N 3 Қосымша) береді.

8. Кеме реестрінің N 23 бағаны бойынша кемелерге тіркелу нөмірлерді беру төмендегі литерлерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

- 8.1. Жоғарғы-Ертіс бассейніне - "ВИ";
- 8.2. Орал бассейніне - "У";
- 8.3. Іле бассейніне - "И";
- 8.4. Балқаш бассейніне - "Б";
- 8.5. Есім бассейніне - "Иш".

9. Кеменің жазылу орнын айқындау мақсатында нақты бассейн үшін белгіленген әріп литеріне қосымша сан литерлері белгіленеді:

- 9.1. Шығыс-Қазақстан учаскесі - "ВИ-1";
- 9.2. Семей учаскесі - "ВИ-2";
- 9.3. Павлодар учаскесі - "ВИ-3";
- 9.4. Орал учаскесі - "У-1";
- 9.5. Атырау учаскесі - "У-2".

10. Кемелерге берілген тіркелу нөмірлері және олардың литерлік белгілері (әріптік және сандық) кеменің аты немесе нөмірінен жоғары мұрындық жағындағы екі бүйірінде жазылады. Әрі өзінің мөлшері бойынша кеме атының (нөмірінің) жазуы оның тіркелу нөмірі мен литерлік белгісінен ірі болуы тиіс.

Кеменің мұрындық жағына басқа жазуларға рұқсат етілмейді.

Тіркеу нөмірі 507, Шығыс-Қазақстан учаскесінің Жоғарғы-Ертіс тіркелген кеменің жазу үлгісі:

" В И - 1 - 5 0 7 "

11. Жаңа Кеме куәлігін беріп, кемелерді қайта тіркеу мына жағдайларда жасалады:

11.1. Кеменің үлгісі өзгергенде;

11.2. Кеме иесі ауысқанда;

11.3. Кеме аты өзгергенде.

12. Кемені қайта тіркеуді ресімдеу үшін оның иесіне мыналар қажет:

12.1. Кеменің тіркелу орнына 10 күн мерзімнің ішінде оны қайта тіркеу туралы өтінішті беруі және бұл жөнінде Кеме куәлігіне тиесілі белгі қойғызуы қажет;

12.2. Осы Ереженің 5 тармақтарының талаптарына сәйкес кемені тіркеу қажет.

Кеменің тіркелу орнының өзгеруі қажет болған кезде кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясына (оның жол бөлімшесіне) 5.1.-5.4. тармақтарда көрсетілген құжаттарға қосымша тағы да Кеме куәлігі (кеменің бұрынғы тіркелу орнынан шығарылғандығы туралы белгісі бар) ұсынылуы қажет.

13. Кеменің негізгі техникалық сипаттамасы өзгерген кезде (жолаушы сыйымдылығы, жүк көтерімділігі, қуаттылығы, жүзу разряды) кеменің тіркелу орны бойынша 10 күннің ішінде Кеме куәлігіндегі және Кеме реестріндегі тиесілі жазулар дұрысталады.

14. Кеме куәлігін жоғалтқан жағдайда кеме иесі бұл жөнінде жедел түрде кеменің тіркелу орнына жазбаша мәлімдеуге міндетті. Кеме иесіне жоғалтылған кеме куәлігінің орнына кемеге екі ай мерзімге ғана жүзуге рұқсат етілгендігі туралы анықтама беріледі, ол мерзім өткен соң кеме иесіне Кеме куәлігінің көшірмесі беріледі.

15. Кеменің апат болған, жойылған немесе шығарып тасталған жағдайында кеме иесі бұл жөнінде 1 ай мерзім ішінде кеменің тіркелу орнына хабарлауға және кемені Кеме реестрінен шығару үшін Кеме куәлігін тапсыруға міндетті.

Кемені Кеме реестрінен шығару үшін кеме иесі, тағы мыналарды береді:

15.1. Кеменің жүзуге жарамсыздығы туралы Теңіз және Өзен Регистрінің қорытындысын;

15.2. Кемені шығару туралы кеме иесі комиссиясының акті;

15.3. Көлік құралдары иелерінің салық төлегені туралы түбіртегі.

16. Егер кеме Қазақстан Республикасы Кеме реестрінен белгіленген тәртіппен шығарылмаса, онда шетел мемлекетіндегі Кеме реестрінде қазақстандық кемені тіркеу заңсыз болып табылады.

17. Кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясында (оның жол бөлімшелерінде) ағымдағы жылдың кемелерін тіркеу туралы хабарды есептеу N 4 Қосымшада көрсетілген нысан бойынша жүргізіледі.

18. Осы Ережені бұзушылар Қазақстан Республикасының пәрменді заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан
кемелерін
№ 1 Қосымша

Республикасында
тіркеу

өзен
Ережелеріне

**Кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі
Бас инспекциясына**

_____ бассейні _____ учаскесі

Толық және қысқаша кеме иесінің аты, оның заңды мекен-жайы,
телефоны, факсы, тіркелу орны _____

ӨТІНІШ

_____ қарасты кемеңі тіркеуге алуыңызды өтінемін.

Кемеңің мына айыру белгілері бар:

1. Кемеңің аты немесе оның нөмірі _____
2. Үлгісі және міндеті _____
3. № _____ жоба, құрастырылған орны мен жылы _____
4. Корпусының материалы _____
5. Бас машиналары (үлгісі, саны және жалпы қуаттылығы) _____
6. Кемеңің габариттік өлшемі:
ұзындығы _____ м, ені _____ м, толық жүгімен батымдылығы _____ м,
жүксіз батымдылығы _____ м, қондырмасымен бірге ең үлкен
биіктігі (жүксіз батымдылығынан) _____ м.
7. Белгіленген жүк көтерімділігі _____ т,
жолаушы сыйымдылығы _____ адам.
8. Жүзу разряды _____
9. Қозғалтқышының үлгісі _____
10. Басқару қондырғысы (қолмен, механикалық, электрлік және т.б.) _____
11. Су өткізбейтін қабырғаларының саны _____
12. Құтқару шлюпкалары (саны, жалпы сыйымдылығы) _____
13. Жүріс жылдамдығы (максималды) _____
14. Зәкірлердің саны мен олардың салмағы _____
15. Радионавигациялық жабдықтау (аты, үлгісі, саны) _____
16. Су төгу құралдары (жүйесі, туындысы) _____
17. Өрт жүйесі (үлгісі, туындысы) _____

18. Тіркеу үшін қоса берілген құжаттар _____

Ескерту: Теңіз және Өзен Регистрінің келесі қарау күні
199 ж " __ " _____

Басшысының немесе иесінің қолы

Қазақстан Республикасында
өзен кемелерін тіркеу
Ережелеріне
N 2 Қосымша

КЕМЕ ҚАТЫНАСЫ ЖӘНЕ ТЕҢІЗДЕ ЖҮЗУ БАС ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ КЕМЕ ТІЗІЛІМІ

_____ бассейнінің _____ (учаскесі)
басталды _____ аяқталды _____ беттерінің _____ барлығы

1. _____ N N _____ р / с .
2. Тізілімге _____ енгізілген _____ күні.
3. Кеме иесінің толық және қысқа аты,
заңды мекен-жайы, телефоны, факсы,
тіркеу орны.
4. Кеменің аты мен нөмірі.
5. Кеменің түрі өз бетімен жүзетіндігі
немесе жүзбейтіндігі көрсетілген
6. Кеменің міндеті (жолаушылар, жүк
тасымалдауға немесе басқа мақсатқа)
7. Ж о б а N _____
8. Жасалған жылы мен орны.
9. Корпусының материалы.
10. Негізгі машиналары (түрі, саны, қуаты) _____
11. Ұзындығы. | Кеменің
12. Е н і . |
13. Толық жүгімен батымдылығы. | ауқымдық
14. Жүксіз батымдылығы. |
15. Үстіңгі бөлігімен қоса барша биіктігі | өлшемі
(жүксіз батымдылығынан). | метрмен
16. Жүк көтерімділігі (т). | _____
17. Жолаушы сыйымдылығы.
18. Жүзу разряды.

19. Қозғағышының түрі (бұранда саны).
20. Руль қондырғысы (қолмен, механикалық, электрмен, сумен).
21. Құтқару сылыптары (саны, жалпы сыйымдылығы).
22. Жүру жылдамдығы (ең шапшаң, шақырым/сағат).
23. Кеменің тіркеу нөмірі (кеме куәлігіне берілген N және берілген күні) _____
24. Күні. | Өзгерту
25. Қандай өзгерістер енгізілді (құжатқа сілтеме)| туралы белгілер
26. Күні. | Тіркеуден шығару
27. Тіркеуден шығару себебі (құжатқа сілтеме) | туралы белгілер
- _____
- Қазақстан Республикасында өзен кемелерін тіркеу Ережелеріне N 3 Қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

(Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы)

N _____ КЕМЕ КУӘЛІГІ

Кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясы Кеме реестрі _____ бассейні _____ учаскесі мәліметінің негізінде төменде көрсетілген _____ кеме (өз бетімен жүзетін, жүзбейтін) _____ құрамына жатады.

(кеме иесінің толық аты, оның заңды мекен-жайы)

1. Кеменің аты немесе оның нөмірі _____
2. Үлгісі және міндеті _____
3. N _____ жоба, құрастырылған жылы және орны _____
4. Корпусының материалы _____
5. Бас машиналары (үлгісі, саны, жалпы қуаттылығы) _____

6. Кеменің габариттік өлшемі: ұзындығы _____ м, ені _____ м, толық жүгімен батымдылығы _____ м, жүксіз батымдылығы _____ м, қондырмасымен бірге ең жоғары биіктігі (жүксіз батымдылығы) _____ м.

7. Белгіленген жүк көтерімділігі _____ т, жолаушы сыйымдылығы _____ адам.

8. Жүзу разряды _____

Осы Куәлік Қазақстан Республикасының жалауы астында кемеңіз жүзу құқығын куәлайды және кемеңіз меншіктік құқығын растайды. Кеме куәлігінің түпнұсқасы кемеде сақталады (өздігімен жүзбейтін экипажсыз кемеде - кеме иесінде).

Осы Куәлік кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясы _____ бассейнінің _____ учаскесімен беріледі.

Кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі
Бас инспекциясы бассейнінің (учаскесінің) басшысы
М.О. _____ 19 ж "___" _____

Кеме қатынасы және теңізде жүзу Қазақстан Республикасында өзен қауіпсіздігі Бас инспекциясының кемелерін тіркеу Ережелеріне кемелерді тізу туралы мәліметі _____ Н 4 Қосымша бассейні _____ учаскесі _____

		өздігінен жүзетін флот							
		Жолау.жүк бук.кө.тех.өзге өзі шы сирлі мек ника лері жүзе Флот иелері ші лық тін.дер.діңбар.лығы							
Мемлекеттік кәсіпорындар									
Жиыны									
Акционерлік кәсіпорындар									
Жиыны									
Бірлескен									

кәсіпорын.									
дар									
		Жиыны							
Коопера.									
тивтер									
		Жиыны							
Жеке кеме									
иелері									
		Жиыны							
		Флоттардың барлығы							

өздігінен жүзбейтін флот				
жүк	тұрық.	өзге.	жүзбей.	Флоттар.
	шы	лері	тіндер.	дың
			дің	барлығы
			барлығы	